

Қатысушыға арналған техникалық талаптар мен нұсқаулық

IMPACT Olympiad 2026 олимпиадасына офлайн немесе онлайн режимде қатысуға болады. Офлайн режиміндегі қатысушылар (математика, физика) олимпиаданы Алматы қаласы, Бұқар жырау 366 мекенжайы бойынша РФММ мектебінің базасында жазады.

Онлайн режимдегі қатысушылар үшін прокторинг және бейнебақылау жүйелері қолданылады, ал олимпиаданың өзі **Google Meet** платформасында өтеді.

Онлайн режимдегі қатысушыларға арналған техникалық талаптар:

1. Камерасы бар (рұқсат етілген деңгейі HD 720p-ден төмен емес) және интернетке шыға алатын **2 құрылғы** дайындау.
2. Компьютерге немесе смартфонға **CAMSCANNER** қосымшасын (немесе сканерлеуге арналған басқа қосымшаны) орнату.

1. Төмендегілерді білу қажет:

- Олимпиада кезінде микрофон мен бейнебайланыс *олимпиада аяқталғанға дейін үзілмеуі тиіс. Құлаққап (наушник) қолдануға тыйым салынады.*
- Google Meet платформасындағы техникалық және негізгі турлардың сілтемелері қатысушылардың поштасына олимпиада басталуынан бір сағат бұрын жіберіледі.

2. Техникалық тур 10 қаңтарда Астана уақытымен сағат 09:00-де өтеді.

- Техникалық дайындықты тексеру үшін әрбір онлайн қатысушы және информатика пәні бойынша қатысушылар техникалық турға **міндетті түрде** қатысуы тиіс.
- Техникалық дайындығын тексермеген қатысушылар Олимпиадаға жіберілмейді.
- Техникалық тур кезінде қатысушылар туындаған мәселелерді жою бойынша прокторға сұрақтар қоя алады.

3. Олимпиада 11 қаңтарда Астана уақытымен сағат 08:00-де өтеді. Олимпиада басталуынан жарты сағат бұрын жұмыс орнын дайындап, сағат 07:30-да Google Meet-ке кіру қажет.

Математика –4 сағат

Физика – 4 сағат

Информатика мұғалімдері –3 сағат

Информатика жаттықтырушылары -5 сағат

Жұмыс орнын дайындау:

2.1. Қатысушының үстелінде артық заттар болмауы тиіс.

2.2. Жұмыс үстелінде А4 парақтары мен қаламнан басқа ештеңе болмауы керек.

2.3. Google Meet-тегі бейнеконференция үшін 2 құрылғы дайындау қажет. Смартфонды қолдануға болады.

2.4. №1 камера қатысушының сол жағында, басынан жоғары деңгейде орналасуы тиіс. **№2 камера** қатысушының дәл алдында тұруы керек.

2.5. Ұйымдастырушылардан келген сілтеме бойынша **Google Meet** платформасында трансляцияны іске қосу қажет.

2.6. Камералардың дұрыс орналасуын орнату және тексеру. **№1 камераның** көру аймағына үстел, орындық, ноутбук немесе компьютер және қатысушының өзі толық кіруі тиіс. **№2 камераның** көру аймағына қатысушының беті мен жұмыс үстелі кіруі керек.

2.7. Олимпиада тапсырмалары қатысушылар камераларын дұрыс реттегеннен кейін, сағат **08:00-де** қатысушының поштасына жіберіледі.

2.8. Жауаптар А4 форматындағы қағазға қолмен жазылады. Тапсырмаларды немесе турды орындап болған соң, қатысушы өз жұмысын, яғни қағаз парақтарын прокторға көрсетіп, шешімнің неше бет екенін айтуы тиіс. Содан кейін жұмысты **PDF форматында** сканерлеп, файлды «**қатысушы коды және бет саны**» деп атауы керек.

Файл атауының үлгісі:

MT64-5

MT64- қатысушының коды

5- жауап парағының саны

2.1. Сканерленген шешімдер олимпиада аяқталуына 5 минут қалғанда (**pdf**) форматында қабылданады. Әр парақтың жоғарғы оң жақ бұрышында қатысушының аты-жөні көрсетілмей, тек **ҚАТЫСУШЫ ШИФРЫ** жазылуы тиіс.

2.2. Жұмысты жіберудегі әрбір минуттық кешігу үшін **-1 балл** шегеріледі.

2.3. Шешім жазылған әрбір парақты сканерлеп, **БАРЛЫҚ ПАРАҚТАРДЫҢ СКАНЕРЛЕНГЕНІНЕ ЖӘНЕ БІР PDF-ҚҰЖАТҚА ЖҮКТЕЛГЕНІНЕ КӨЗ ЖЕТКІЗІҢІЗ.** Құжатты сақтап, поштасына impact@fizmat.kz жіберіңіз.

2. Турлар кезінде келесілерге қатаң тыйым салынады:

- кез келген сымды және сымсыз құрылғыны (құлаққапты) пайдалануға;
- ішкі жадтағы немесе интернеттен жүктелген ақпаратты мәтіндік, графикалық немесе аудио форматта ұсына алатын кез келген байланыс құралдарын, смартфондарды, смарт-сағаттарды немесе кез келген басқа гаджеттерді пайдалануға;
- кез келген электрондық немесе қағаз түріндегі анықтамалық ақпаратты, оқулықтарды, басқа да әдебиеттерді, калькуляторды, конспектілерді және өзге де дайындалған жазбаларды пайдалануға;
- ChatGPT және басқа да жасанды интеллект (ЖИ) платформаларын пайдалануға;
- тапсырмалар жинағына кірмейтін кез келген материалдарды пайдалануға;
- тапсырмаларды олимпиаданың басқа қатысушыларымен талқылауға;
- жұмыс орнынан кетуге.

Егер прокторларға төмендегі фактілердің бірі анық белгілі болса, олар қатысушының нәтижелерін жоюға құқылы:

- өтінім берген қатысушының орнына емтиханды басқа адам жазса;
- камера ереже талаптарына сай орналаспаса;
- қатысушымен аудио және бейнебайланыс толық үзілсе;
- емтихан кезінде қатысушы емтихан жазып жатқан құрылғыдан бөлек, қосымша техникалық құрылғыларды пайдаланса;
- қатысушы олимпиада емтихандарын жазып жатқан техникалық құрылғыда қосымша қосымшаларды немесе терезелерді ашса;
- емтихан кезінде қатысушы емтихан жазу орнынан кетіп қалса;
- қатысушы емтихан жазып жатқан жерде немесе бөлмеде басқа адамдар болса;
- емтихан кезінде қатысушы біреумен сөйлессе немесе басқа адамдардың дауыстары естілсе.

Жұмыс орнынан тек проктордың рұқсатын алғаннан кейін ғана кетуге болады.

Қатысушы жұмысын бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында бүкіл тур бойы аудио және бейнежазба жүргізіледі, ол олимпиада аяқталғанға дейін сақталады. Олимпиада қазылар алқасы қатысушының олимпиада ережелерін сақтауын тексеру мақсатында турлардың аудио және бейнежазбаларын зерттеуге құқылы. Ереже бұзу фактілері анықталған жағдайда, қатысушыға нәтижелерін дисквалификациялауға (жоюға) дейінгі айыппұл шаралары қолданылуы мүмкін.

Сәттілік тілейміз!

Ұйымдастыру комитеті